

Қазақстан Республикасында өндірілетін акциздеуге жататын тауарларға және құмар ойындар бизнесіне арналған акциздердің ставкалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 14 шілде N 974. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.31. N 1747 қаулысымен.

"Бюджетке салық және басқада міндетті төлем туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында өндірілетін акциздеуге жататын тауарларға арналған акциздердің ставкалары белгіленсін.

Салық төлеуші есеп жүргізудің кассалық әдісін қолданған жағдайда акциздердің аталған ставкалары 1995 жылғы 20 шілдеден бастап жөнелтілген және сол бойынша төлем жүргізілген акциздеуге жататын өнімдерге қ о л д а н ы л а д ы .

Салық төлеуші есепті есептеу әдісімен жүргізген жағдайда акциздердің аталған ставкалары ол бойынша төленген фактілерді есепке алмастан, 1995 жылғы 20 шілдеден бастап жөнелтілген акциздеуге жататын өнімдерге қ о л д а н ы л а д ы .

Егер акциздердің ставкалары құнның процентіне белгіленсе, онда 1995 жылғы 20 шілдеден бастап жөнелтілген өнімдер бойынша акциздеуге жататын өнімдерді сату жөніндегі айналым салық салынатын объекті болып табылады, ол қосылған құнға және акциздеуге арналған салық салынбай жіберілетін бағамен б е л г і л е н е д і .

Егер акциздердің ставкалары экю жағдайында белгіленсе, өнімнің бірлігімен айқындалған жағдайда, онда 1995 жылғы 20 шілдеден бастап жөнелтілген өнім бойынша акциздеуге жататын өнімдердің нақты сатылу көлемі салық салынатын объект болып табылады, бұл ретте таңдалып алынған есеп әдісіне (кассалық немесе есептеу әдісіне) тәуелсіз жағдайда экю акциздеуге жататын өнімдер жөнелтілген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің белгіленген бағамы бойынша есептелінеді.

2.2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Құнды мех түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 шілдедегі N 645 қаулысы (Қазақстан

Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 31, 358-бап);

"Халық тұтынатын тауардың жекелеген түрлеріне қойылатын акциздердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы N 557 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 жылғы N 23, 2 4 1 - б а п) ;

"Отандық және импортталатын акциздік тауарлардың жекелеген

түрлеріне қойылатын акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 ақпандағы N 146 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 6, 69-бап);

"Халық тұтынатын отандық өндіріс тауарларының жекелеген түрлеріне қойылатын акциздердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 сәуірдегі N 475 қаулысы.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 14 шілдедегі
N 974 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасында өндірілетін акциздеуге жататын
тауарларға және құмар ойын бизнесіне арналған

АКЦИЗДЕРДІҢ СТАВКАЛАРЫ

	Қосылған құнға салына.
	тын салық пен акциздер.
	ді есептемей босатыла.
Тауарлардың аттары	тын бағада және өлшем
	бірлігі үшін және экю-де
	құнның процентіндегі
	акциздердің ставкалары

Спирттің барлық түрлері (өңдеу үшін
босатылған ликер-арақ бұйымдарынан,
күшейтілген сусындардан, күшейтілген

шырындардан, шараптардан, Қазақстан Республикасының тауар өндірушілері шығаратын бальзамнан басқа (олардың аталған өнімдерді өндіруге құқығының бар екендігіне лицензиялары бар болған жағдайда)

3,5 экю/литр

Өңделмеген этиль спирті 0,1 экю/литр

Арақ 0,7 экю/литр
Ликер-арақ бұйымдары 0,6 экю/литр
Күшейтілген сусындар, күшейтілген шырын.
дар және бальзамдар 0,6 экю/литр
Шараптар 0,2 экю/литр

Маркалы шараптар 0,15 экю/литр

Коньяктар 0,3 экю/литр

Шампан шараптары 0,3 экю/литр
Сыра 0,05 экю/литр
Шарап материалдары /шарап жасау
өнімдерін шығару үшін босатылғаннан
басқа аталған өнімді өндіру құқығына
лицензиясы болғанда/ 0,2 экю литр

Темекі бұйымдары, құрамында темекі 0,75 экю/литр
бар басқа да бұйымдар 1000 дана
Бекіре және қызыл балық, бекіре және

қызыл балық уылдырығы, бекіре және қызыл
балықтан дайындалған деликатестер және
уылдырықтар 100

Алтыннан, платинадан немесе күмістен
жасалған зергерлік бұйымдар 40

Өңделген және өңделмеген мех терілері
(көртышқан, үй қояны, ит, бұғы, қой
терісінен басқа) 7

Өңделген және өңделмеген қаракөл терілері 7

Пәлтені, қысқа пәлтені, жакетті, желбегейді,
палантинді, боаны, шарфты, бас киімді,
жағаны, тонды, пластинды қоса алғанда
қаракөлден жасалған бұйымдар 10

Өңделген қаракөлдi қолдана отырып жасалған
пәлте, қысқы пәлте, жакет, желбегей 10

Пальтоны, шолақ пальтоны, күртешелерді,
жамылғыларды, палантиндерді, бао-ны,
шарфты, бас киімдер мен жағаларды, тондар.
ды, пластиндерді, қоса алғанда (көртышқан,
үй қояны, ит, бұғы, қой терісінен жасалған
бұйымдардан басқа) нақты мехтан жасалған
бұйымдар 10

Пальто, шолақ пальто, күртешелер, мехтан
жапсырмалар салынып жасалған жамылғылар
көртышқан, үй қояны, ит, бұғы, қой
терісінен басқа 50

Табиғы теріден тігілген киімдер 50

Хрустальдан жасалған бұйымдар, хрусталь-

дық жарық беретін приборлар	50
Бензин (авиация бензинінен басқа), дизель отыны	20
Ататын және газ қаруы (мемлекеттік өкімет органдары үшін сатып алынғандардан басқа)	20
Құмар ойындарының бизнесі	20
Жанар май	8

Ескерту. Қосымшаға өзгертулер мен толықтырулар енгізілген - ҚРМҚ-нің 1995.11.08. N 1487 қаулысымен.

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің 1996.01.15. N 15 қаулысымен.

Ескерту. Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.04.16. N 450 қаулысымен.

Ескерту. Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.03.25. N 341 қаулысымен.

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.11. N 891 қаулысымен.

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.06.28. N 827 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.10.31. N 1318 қаулысымен.